

## Мұғалжар ауданы Жұрын ауылдық округі Көбелей ауылының көшесіне атау беру туралы

Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданы Жұрын ауылдық округінің әкімі 2008 жылғы 20 қарашадағы N 12 шешімі. Ақтөбе облысы Мұғалжар аудандық әділет басқармасында 2008 жылғы 25 қарашада N 3-9-75 тіркелді

Ескерту. Шешімнің орыс тіліндегі атауы мен бүкіл мәтіні бойынша "аульного", " аула", "в ауле" сөздері тиісінше "сельского", "села", "в селе" сөздерімен ауыстырылды – Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданы Жұрын ауылдық округінің әкімі 05.12.2014 № 25 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. Кіріспеге өзгеріс енгізілді – Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданы Жұрын ауылдық округінің әкімі 05.12.2014 № 25 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. Шешімнің тақырыбы жаңа редакцияда – Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданы Жұрын ауылдық округінің әкімі 09.02.2015 № 3 шешімімен (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы " Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14 бабына сәйкес, Мұғалжар ауданы Жұрын ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданы Жұрын ауылдық округінің әкімі 15.03.2017 № 8 шешімімен (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Жұрын ауылдық округі халқының пікірін ескере отырып, Жұрын ауылдық округіне қарасты Көбелей ауылының негізгі көшесіне "Астана" атауы берілсін.

2. "Астана" көшесіне Көбелей ауылында орналасқан барлық үйлер жатады.

Ескерту. 2 - тармақ жаңа редакцияда – Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданы Жұрын ауылдық округінің әкімі 09.02.2015 № 3 шешімімен (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

3. Осы шешім оның алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ескерту. 3 - тармақ жаңа редакцияда – Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданы Жұрын

ауылдық округінің әкімі 09.02.2015 № 3 шешімімен (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

*Жұрын ауылдық округінің әкімі:*

*Қ. Ешауов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК